

Педагогикалық кеңес
ХАТТАМА № 1

«25» тамыз 2022 жыл

Кеңеске жалпы қатысқандар саны – 25
Кітапханашы-2
Шағын орталық тәрбиешісі-1

Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарға талдау
2. 1 сыныпқа окушылар қабылдау қорытындысы
3. Мектеп кітапханасындағы оқулықтар қоры, сақталуы, окушылардың оқулықтармен қамтамасыз етілуі
4. Мектептің жұмыс жоспары.
5. Мектептің оқу процесі
6. КТЖ саралтамасы, мектеп ОЖЖ вариативтік компонентінің бағдарламасы

Тындалды: Мектеп директоры А.Аксентова педагогикалық кеңесте қаралатын мәселелердің тақырыбымен таныстырды.

Сөйлемді: Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры А.Аксентова сөз сөйлемді. Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры А.Аксентова сөз сөйлемді. Педагогикалық ұжымының 2021-2022 оқу жылында атқарған жұмыстарының талдауы және 2022-2023 оқу жылына алған міндеттері Талдау мақсаты: мектептің өткен кезеңдегі қызмет қорытындысы бағасын жүзеге асыру; оның әрі қарай дамуының тандаулы нұсқаларын анықтау; мектептің жаңа оқу жылындағы қызмет жүйесін жобалау.

Талдау:

1. Білім беру үдерісінің статистикасы.
2. Мектепшілік бақылаудың жүйелендірілген мәліметтері 2022-2023 оқу жылы мектептің педагогикалық ұжымының қызметі ҚР «Білім туралы» Заңын, мектеп Жарғысын, бұйрықтарын, әдістемелік хаттар мен ҚР БФМ, ББ және білім бөлімінің ұсынымдарын, сондай-ақ, білім беру үдерісіне қатысушылардың күкүйтари мен міндеттері туралы мәселелерді реттеуіші шенбер белгіленген ішкі бұйрықтарды басшылыққа алды. Өткен оқу жылына келесі жеті міндет талдалап алынған:

1. Білім сапасы басты көрсеткіш, барлық сыншылардағы окушылардың білім сапасы деңгейін жаңа қабылданған білім стандарты талаптарына сәйкестендіру үшін күш салу;
2. Мектеп мұғалімдерін түрлі кәсіби байқауларға қатыстыру, шығармашылықпен жұмыс жасауға бейімдеу;
3. Мұғалімдер педагогтардің кәсіби және тұлғалық өсуін қамтамасыз ететін әдістемелік бағдарлама арқылы біліктіліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;
4. Әр пән мұғаліміне окушыларды ҰБТ мен 4,9 сыншыларды дайындау, пән олимпиадаларына, ғылыми жобаларды дайындау жұмыстарын жеке-дара жұмыс жоспар негізінде жандандыру;
5. Білім сапасын көтеру мақсатында окушылармен жүргізетін жұмыстардың арнайы жоспарын құрастыру (олқылықтармен жұмысты жүйелі жоспарлау);
6. Мектеп әкімшілігіне жеке әрбір мұғаліммен окушылардың біліміне тақырыптық есеп жүргізуі қолдану бойынша жұмыс істеу;

Мектеп бойынша ең тәмен білім сапасын көрсетіп отырған 7А және 3 А, 7 Б, 10 А және 5А сыншытар. Осы сыншытар ішінде үш сыншықа ерекше тоқталсақ/ 7А және 7 Б, 3 А сыншы окушыларының окуға деген ынталануы және қабілеттері бар окушылар, сыншы жетекшілері және осы сыншыларда сабак беретін пән мұғалімдерінің жұмыстарындағы олқылықтарға орай білім сапасы тәмен болып отыр. 7 А, 8 білім сапасы 33%, бұл сыншы үшін өте тәмен көрсеткіш, аталмыш сыншылар пән мұғалімдерінің жұмысының төмендігі. Осы сұрақтар тек бізді ғана емес, сыншы жетекшілерінің тәлім-тәрбие жұмыстарын үйімдастыруы, сабак беретін пән мұғалімдерінің сабактарында пайдаланатын педагогикалық әдістері туралы ойлануы қажет деп білемін. Сыншылар бойынша білім

сапасын қарастыра отырып, алғынған мәліметтерден тек бұл сыйыптарда ғана емес, жалпы барлығында сыйып жетекшілер мен пән мұғалімдерінің білім сапасын арттыру бойынша, оқу үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстың тиімділі аз екені байқалады. Білім сапасын көтеру мақсатында барлық мұғалімдерге келесілер ұсынылады:

1) әкімшілік тараپынан оқушылардың білім сапасын арттыру, оқу үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты қайта қарастыру бойынша жұмыстарды белсендіре тусу, бақылауға алу;

2) пән мұғалімдеріне әр оқушының өз білімін жетілдіру үшін жағдай жасау мақсатында жеке жұмысты жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлу;

3) Әрбір пән мұғалім ҚМЖ дұрыс түзілуі мен сабағының сапасын өзгерту үстінде жұмыс жасау;

4) сыйып жетекшілер мен пән мұғалімдерінің байланысын күшейту.

5) ата-аналармен қарым-қатынасты күшейту.

Мектептің 2020/2021 оқу жылында атқарған жұмыстарын талдай отырып, келесі қорытындыларды жасауға болады: Оқу жоспары бойынша 2020-2021 оқу жылында мектептің оқу жоспары толық орындалды, оқу бағдарламалары толық өтілді, Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері» туралы әдістемелік нұсқау хатқа сәйкес жүзеге асырылды. 9 сыйып оқушылары қорытынды аттестация бойынша негізгі орта мектепті бітіру туралы аттестаттарын, оның 14 оқушы алды; 11 сыйып оқушылары жалпы орта мектепті бітіру аттестаттарын, оның ішінде 6 оқушы алады. Откен оқу жылында атқарылған жұмысты талдау арқылы педагогикалық ұжымның 2020- 2021 оқу жылында атқарған жұмыстарын қанағаттанарлық деп есептеуге болады. Талдау нәтижесі негізінде педагогикалық кеңес 2022/2023 оқу жылына төмендегі міндеттерді қабылдайды: 1. Білім сапасын бақылауды арттыру. Оқу-тәrbие процесі мазмұнының мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкестігін бақылауды ұйымдастыру және жүргізу; 2. Білім беруде оқытудың тиімді әдістерін қалыптастыру. 3. Әр түрлі дарынды балаларды анықтау жүйесін жетілдіру: зияткерлік, шығармашылық, спорттық әлеуметтік іс-шараларға қатысуы үшін жағдай жасау (олимпиадалар, ғылыми жұмыстар, конкурстар, жарыстар); 4. Білім беру жүйесін жаңғыртудың негізгі бағыттары бойынша педагогтің кәсіби құзыреттілігін арттыру жөніндегі жұмыстарды жандандыру: білім беру мазмұнын жаңарту, инклузивті білім беру, сондай-ақ педагогикалық білім беруді жаңғырту. Оқу жылы ішінде озық педагогикалық тәжірибелерді насиҳаттау және тарату үшін әдістемелік семинар өткізу.

Бірінші мәселе бойынша қаулы етті:

1. Педагогикалық ұжымның 2021-2022 оқу жылында атқарған жұмыстары қанағаттанарлық деп есептелінсін.

2. 2022-2023 оқу жылына ұсынылған міндеттер қабылдансын жоспары мен ережелері бекітілсін (жауаптылар: мектеп директоры, директордың орынбасарлары, барлық мұғалімдер)

Екінші мәселе бойынша А.Жаксыбаева тыңдалды: 2022-2023 оқу жылына 10 оқушы қабылданды (егов, электрондық форматта)

Қазақ сыйыптарына -7 оқушы, орыс сыйыптарына -3 оқушы.

Үшінші мәселе бойынша мектеп кітапханашылары тыңдалды: И.Мажитова сөз сөйлемді:

Мектеп кітапханасындағы оқулықтар қоры, сақталуы, оқушылардың оқулықтармен қамтамасыз етілуі.

Мектепте 102 оқушы, 3 оқушы мектепдаярлық сыйыбында барлық оқушылар оқулықпен қамтамасыз етілді.

Жетіспенген кітаптарды Жалтыр 2, Старый Колутон, Камышенка, Өрнек мектептерінен әкелінді.

Мектепте оқулықтар қоры 6321, Көркем әдеби кітаптар шамалы.

Төртінші мәселе бойынша мектептің жұмыс жоспары А.Аксентова, С.Абдрахманова тыңдалды: 2022-2023 оқу жылының жұмыс оқу жоспарын, оқу-тәrbие жоспарын, әдістемелік кеңес және жас мұғалімдер мектебінің жоспарларын бекіту. Директордың оқу істері бойынша орынбасары С.Абдрахманова сөз сөйлемді. Ол өз сөзінде

2022-2023 оқу жылына арнап жасалған жұмыс оқу жоспарын, оқу-тәрбие жоспары әдістемелік кеңес және жас мұғалімдер мектебінің жоспарлары және ережелерімен таныстырыды. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, ауданның білім беру үйімдарында педагог ұжымын жаңартылған білім беру мазмұнға көшіру жұмыстары атқарылып келеді. Жаңа оқу жылынан бастап 1- 11 сыныптар өтеді. Білім басқармасының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 тамыздағы «Орта білім беру үйімдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» бұйрығына сәйкес жаңа оқу жылын үйімдасқан түрде бастау және оқу-тәрбие кешенінің жұмыс тәртібі үйімдасқан түрде жүргізу мақсатында бұйрық шығарылды. Бұйрықта оқу жылының ұзақтығы, оқу барысындағы каникулдер және оқу процесін үйімдастыруды ӘНХтың басшылыққа алу туралы айтЫЛДЫ. Ұжым бұйрықпен толық таныстырылды. Мектепалды даярлық сыныптарында және 1-11 сыныптарда Қазақстан Республикасы ФБМ 2018- жылғы 31 қазандығы №604 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндettі білім стандарты; (05.05.2020 жылғы № 182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); Мектепке дейінгі даярлық сыныптары бойынша: КР БФМ 2012ж. 20 желтоқсанындағы «КР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік типтік оқу- жоспарын бекіту туралы» №557 бұйрығы (12.05.2020 жылғы №195 бұйрығы, өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); КР БФМ 2016 жылдың 12 тамызындағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу- бағдарламаларын бекіту туралы №499 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» (29.01.2018жылғы №721 бұйрығы, өзгерістер мен толықтырулар енгізілген). 1-4-сыныптарға арналған жұмыс оқу жоспары: КР БФМ 2012 жылдың №500 бұйрығымен бекітілген КР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім- берудің үлгілік жоспарлары (04.09.2018 жылғы №441 бұйрығы, өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Қазақ сыныптар	Инварианттық оқу жүктемесі	Вариативті компонент	Ең жоғары оқу жүктемесі
1	18,5	1(математика және логика)	19,5
2	23	1 (математика және логика)	24
3	25	1(математика және логика)	26
4	25	1 (математика және логика)	26
5	28	0,5 (жаһандық құзерттілік)	28,5
6	28	0,5(жаһандық құзерттілік)	28,5
7	31	0,5 (жаһандық құзерттілік)	31,5
8	32	0,5 (жаһандық құзерттілік)	32,5
9	33	1 (жаһандық құзерттілік)	34
11	32	1 (жаһандық құзерттілік) 1(математикалық сауаттылық)	34
Орыс сыныптары	Инвариантная учебная нагрузка	Вариативный компонент	Максимальная учебная нагрузка
1	20,5	-	20,5
2	24	-	24
3	26	-	26
5	29	0,5(глобальные компетенции)	29,5
6	29	0,5(глобальные компетенции)	29,5
8	33	0,5(глобальные компетенции)	33,5

Мектепдаярлық сыныптар: Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлінің 2022 жылғы , Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлінің 2012 жылғы 20 желтоқсанындағы № 557 бұйрығына Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс-әрекет	Жас топтары			
		орта жас тобы (3 жастан бастап)	ересек тобы(4жастан бастап)	жас	мектепалды даярлық тобы/сыныбы (5 жастан бастап)
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	күнсайын	күнсайын	күнсайын	күнсайын
2	Сөйлеудідамытужәнек өркемәдебиет	күнсайын	күнсайын	күнсайын	күнсайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет	аптасына бір рет	аптасына екі рет	аптасына екі рет
	Қазақ тілі ***	күнсайын	күнсайын	күнсайын	күнсайын
3	Саяат ашу негіздері	-	-	аптасына екі рет	аптасына екі рет
4	Математика негіздері	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
5	Коршаған ортамен танысу	күнсайын	күнсайын	күнсайын	күнсайын
6	Сурет салу	күнсайын	күнсайын	күнсайын	күнсайын
	Мұсіндеу				
	Жапсыру				
	Құрастыру				
7	Музыка	аптасына бір рет	аптасына екі рет	аптасына екі рет	аптасына екі рет
	Музыка ***	күнсайын	күнсайын	күнсайын	күнсайын

Ескерту:

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндеттін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастырудың наше міндеттердің сәнсе асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (оыйн, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабабы.

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсендерлілігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді менгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекеттінде тәрбиеленушілердің анықтамаларын сөйлеудің дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениеттік, салттары мен дәстүрлік мәдениеттің, мәдениеттің қарым-қатынасты игеру ұсынылады.

**** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айтуды, әндерді жаттату, импровизация, ырғакты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Жаңа оқу жылына жоспарлар өткен оқу жылының талдауына негізделген. Оқу жылының оқу-тәрбие жоспары: Оқу-тәрбие жоспарында орта білім беретін мектептердегі жүргізілетін негізгі жұмыстар. Ұжым мұғалімдері психологиялық-педагогикалық консилиум ережелері, оқу тәрбие жоспары, әдістемелік кенес және жас мұғалімдер мектебінің ережелерімен, толық таныстырылды.

Мәселе бойынша қауалы етті: 2022-2023 оқу жылының жұмыс оқу жоспары, оқу-тәрбие жоспары, әдістемелік кенес және жас мұғалімдермен жұмыс жоспары мен ережелері бекітілсін. (жауапты мектеп директоры, директордың орынбасарлары, барлық мұғалімдер)

Бесінші мәселе бойынша мектеп директорының орынбасары С.Абдрахманова сөз сөйлемді. Мектептің оқу процесі. «2022-2023 оқу жылының үйымдастыру туралы бұйрықтармен таныстыру (оқу жылдарының басталуы, сынып жетекшілерін, сынып белмелерін бекіту, ішкі тәртіпті орнату, әдістемелік кеңес, психологиялық-педагогикалық консилиум, азаматтық қорғаныс бойынша бекеттердің құрамдарын бекіту және т.б.)» 2022-2023 оқу жылы басталу алдында тұр. Барлық мектептерде 1-қыркүйекте Білім күні атальып өтіледі. Жаңа оқу жылдарында 1-11 сыныптар жаңартылған білім беру мазмұнында оқиды. 2-11 сыныптарда сабак ұзақтығы 45 минут. 1-ден 11-ге дейінгі барлық сыныптар бескүндік оқу аптасы болады. 1 сыныптардың сабагы таңертеңгі 08.50 басталады, қыркүйек айында 35 минуттан сабак ұзақтығы. I ауысым 8.00 сабак басталады, II ауысымда сабак 14.00 басталады. Оқу жылдарында алға қойған міндеттерге орай окушылардың тоқсандақ бағдарламаны өз деңгейінде игеруіне барша мұғалім күшжігерін салып жұмыс атқаруы тиіс. Жаңа оқу жылдарында жұмыс тәртібін қарастыруымыз қажет. Оқу-тәрбие кешенінің жұмыс тәртібі туралы, жаңа оқу жылдарында оқу-тәрбие жұмысын үйымдастыру, сынып жетекшілерін, сынып белмелерін бекіту, ішкі тәртіпті орнату бұйрықтары таныстырылды (бұйрықтар қосы тігілді). «Оқу-тәрбие кешенінің жұмыс тәртібі туралы» бұйрықпен барлық мұғалімдер таныстырылды, танысқаны туралы қол қойылады. Сыныптарға бекітілген сынып жетекшілер, әрбір пән мұғалімнің жұмыс жасайтын пән кабинеттері таныстырылды. Ишкі тәртіп туралы кеңінен тоқталды. Қонырау кестесі, сынып жетекшілері туралы айтты. ӘНХ негізінде білім беретін үйымдарында ата-аналар комитеті және қамқоршылық кеңесінің келісімімен күнделікті өткізілетін сабактар саны белгіленеді. Жаңадан келген окушылар мен биыл қабылданған 1-сынып окушыларының ата-аналарымен келісім-шарт жасалады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10 бабына сәйкес білім саласындағы қоғамдық қатынастардағы мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы ісәрекет тәртібін белгілеу мақсатында стандартпен жұмыс жалғастырылады. Педагогикалық кеңестің мақсат-міндеттері, ережелері; Әдістемелік кеңестің мақсат-міндеттері, ережелері айқындалды. Әдістемелік кеңес күрамы, психологиялық-педагогикалық консилиум құрамы ұсынылды. Жыл жасында жазылған бұйрықтарға тоқталды. Азаматтық қорғанысты үйымдастыру, азаматтық қорғаныс нұсьқауларын жүргізу туралы, эвакуация және бақылау жүргізумен ұжымның тәртібі жөнінде, өрт қауіпсіздігі, окушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналарынан ақша жинауға тыйым салу туралы, жас мамандарға тәлімгер мұғалімдерді тағайындау, жалпыға бірдей білім беру корын нысаналы пайдалануды қамтамасыз ету бойынша комиссия құру, окушылардың өмір қауіпсіздігін сақтаудың жауапкершілігін күшету туралы және көптеген басқа бұйрықтармен таныстырылды. Мәселе бойынша қаулы етті: 2022-2023 оқу жылдарын жұмыс оқу процесі жоспары түрде атқарылсын, бұйрықтар орындалып таныстырылсын жұмыс жоспары мен ережелері бекітілсін. (жауапты мектеп директоры, директордың орынбасарлары, барлық мұғалімдер)

Алтыншы мәселе бойынша С.Абдрахманова тұндалды:

КТЖ сараптамасы, мектеп ОЖЖ вариативтік компонентінің бағдарламасы, Бірінші және екінші тоқсандар пәндері бойынша оқу материалы дайындалды. Мұғалімнің шеберлігіне, жауапкершілігіне байланысты. Окушылардың КТ қамтасыз етілуі толық бақылауға алынып, оқыту жағдайы мектеп экімшілігі және сынып Қорыта келе айтарым, қазіргі таңда білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы мұғалімдеріміз бен окушыларымыз әлемдік ақпараттармен байланысуға, білімдерін жүйелі жалғасыруға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шындауга зор мүмкіндік алады.

Педкенестің төрайымы
Хатшы



А.Аксесситова
Н.Молдагайсина